

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

5 (411)

SEPTEMBER – OCTOBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 5. Number 411 (2024), 120–133
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.830>

УДК 371.3

G.T. Kurbankulova*, A.S. Stambekova, 2024.

Institute of Pedagogy and Psychology of KazNPU named after Abay,
Almaty, Kazakhstan.
E-mail: g-kurbankulova@mail.ru

WAYS TO PREPARE FUTURE PRIMARY EDUCATION TEACHERS FOR INSTILLING NATIONAL VALUES IN THE STUDENTS

Kurbankulova Gulzhan – Phd student. Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: g-kurbankulova@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-2538-1837>;
Stambekova Asel – candidate of pedagogical sciences, associate professor. Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: stambekova_81@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-6869-7401>.

Abstract. In today’s rapidly evolving global landscape, the role of primary education educators goes beyond traditional teaching. This article examines the urgent need for future teachers to familiarize themselves with comprehensive strategies and pedagogical approaches aimed at fostering national values among younger schoolchildren. The development of a reliable basis for the training of future primary school teachers will become a necessary condition for the formation of a generation based on the basic values that define the cultural identity of the nation. This article examines the multifaceted aspects related to the training of future teachers, emphasizes the importance of an interdisciplinary approach combining educational theories, cultural studies and practical teaching methods. Summarizing scientific research, this article highlights the key role of teachers as facilitators in shaping students’ understanding and representation of national values, fostering a sense of identity and cultural pride.

It is not easy to form and develop national value skills and put them into practice. We analyzed several effective methods of forming the tasks assigned to future primary education teachers, interviewed and analyzed education teachers. Realizing the importance of new terms that penetrate the industry, we supplement them with excerpts from articles by scientists who previously studied the benefits that society needs. The significance and prerequisites for the formation of transversal skills for optimizing the training of future primary education teachers of the deontological requirements found in the article are analyzed.

National value is the most important, relevant topic at the moment, requiring updating every time. In developed and developing countries, national values are

taught and studied at the same level. Therefore, they are theoretically replenished, based on the experience of world scientists. In the future, we will delve into the study of national values in order to offer the most convenient methods and ways of teaching for future teachers of education.

Keywords: primary education teachers, national values, transversal skills, deontology, interdisciplinary intelligence, student`s development.

Г.Т. Курбанкулова*, Ә.С. Стамбекова, 2024.

Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: g-kurbankulova@mail.ru

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАУЛУҒА ДАЯРЛАУ ЖОЛДАРЫ

Курбанкулова Гүлжан – PhD, Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: g-kurbankulova@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-2538-1837>;

Стамбекова Әсел – п.ғ.к., доцент. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан. E-mail: stambekova_81@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-6869-74017>.

Аннотация. Бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан жаһандық ландшафтта бастауыш білім беру педагогтерінің рөлі дәстүрлі оқытудан асып түседі. Бұл мақала болашақ педагогтерді жас оқушыларда ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталған кешенді стратегиялар мен педагогикалық тәсілдермен таныстырудың шұғыл қажеттілігін зерттейді. Болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлаудың сенімді негізін әзірлеу ұлттың мәдени бірегейлігін анықтайтын негізгі құндылықтарға негізделген ұрпақты қалыптастырудың қажетті шарты болады. Бұл мақалада болашақ педагогтерді даярлауға байланысты көп қырлы аспектілер қарастырылады, білім беру теорияларын, мәдениеттануды және оқытудың практикалық әдістерін біріктіретін пәнаралық тәсілдің маңыздылығы атап өтіледі. Ғылыми зерттеулерді жалпылау арқылы бұл мақала педагогтердің оқушылардың ұлттық құндылықтарды түсінуі мен бейнелеуін қалыптастырудағы, өзіндік ерекшелік және мәдени мақтаныш сезімін тәрбиелеудегі фасилитатор ретіндегі негізгі рөлін атап көрсетеді.

Ұлттық құндылық дағдыларын қалыптастыру, дамыту, оны практикада қолдану оңай емес. Болашақ бастауыш білім педагогтерінің өзіне артылған міндетін қалыптастырудың бірнеше тиімді әдістерін саралап, білім педагогтерінен сауалнама алып, талдау жасадық. Салаға еніп жатқан жаңа терминдердің маңыздылығын түсініп, қоғамға берер пайдасын бұрын зерттеген ғалымдар мақалаларынан үзінділермен толықтырып отырдық. Мақалада кездесетін деонтологиялық талаптардың болашақ бастауыш білім педагогтеріне оқытуды оңтайландырудың маңызы мен трансверсальды дағдылардың қалыптасуының алғы шарттары мен мақсатын талдадық.

Ұлттық құндылық қазіргі кездегі ең маңызды, өзекті тақырып, әр

кез жаңаланып отыруды талап етеді. Дамыған, дамушы елдерде ұлттық құндылықтар бір деңгейде оқылып, зерттеледі. Сондықтан, әлемдік ғалымдар тәжірибесіне сүйеніп, теориялық жағынан толығып отырады. Алдағы уақытта ұлттық құндылықтарды болашақ білім педагогтары үшін оқытудың ең ыңғайлы әдіс-тәсілдерін ұсыну үшін тереңдей зерттей түсеміз.

Түйін сөздер: бастауыш білім педагогтері, ұлттық құндылықтар, транверсальды дағды, деонтология, пәнаралық интеллект, оқушылардың дамуы.

Г.Т. Курбанкулова*, А.С. Стамбекова, 2024.

Институт педагогики и психологии КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан.

E-mail: g-kurbankulova@mail.ru

СПОСОБЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ К ФОРМИРОВАНИЮ У УЧАЩИХСЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Курбанкулова Гульжан – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: g-kurbankulova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2538-1837>;
Стамбекова Асель – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, E-mail: stambekova_81@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6869-7401>.

Аннотация. В сегодняшнем быстро развивающемся глобальном ландшафте роль педагогов начального образования выходит за рамки традиционного обучения. В данной статье исследуется острая необходимость ознакомления будущих педагогов с комплексными стратегиями и педагогическими подходами, направленными на воспитание национальных ценностей у младших школьников. Разработка надежной основы подготовки будущих педагогов начальных классов станет необходимым условием формирования поколения, основанного на основных ценностях, определяющих культурную идентичность нации. В данной статье рассматриваются многогранные аспекты, связанные с подготовкой будущих педагогов, подчеркивается важность междисциплинарного подхода, сочетающего в себе теории образования, культурологию и практические методы обучения. Обобщая научные исследования, эта статья подчеркивает ключевую роль педагогов как фасилитаторов в формировании понимания и представления учащимися национальных ценностей, воспитании чувства самобытности и культурной гордости.

Формировать, развивать национальные ценностные навыки, применять их на практике непросто. Проанализировали несколько эффективных методов формирования возложенных на будущих педагогов начального образования задач, опросили и проанализировали педагогов образования. Понимая важность новых терминов, которые проникают в отрасль, мы дополняем отрывками из статей ученых, которые ранее изучали преимущества, которые необходимы

обществу. Проанализированы значение и предпосылки формирования трансверсальных навыков оптимизации обучения будущих педагогов начального образования деонтологических требований, встречающихся в статье.

Национальная ценность – самая важная, актуальная тема на данный момент, требующая обновления каждый раз. В развитых, развивающихся странах национальные ценности обучаются и изучаются на одном уровне. Поэтому они теоретически пополняются, опираясь на опыт мировых ученых. В дальнейшем мы углубимся в изучение национальных ценностей, чтобы предложить наиболее удобные методы и способы обучения для будущих педагогов образования.

Ключевые слова: педагоги начального образования, национальные ценности, трансверсальные навыки, деонтология, междисциплинарный интеллект, развитие учащихся

Кіріспе. Ұлттық құндылық педагогиканың негізгі әрі өзекті тақырыбы. Ұлттық құндылықтар әр кезеңде дамып, толығып отырады. Ұлттық құндылықты дамыту үш түрлі жолмен пайда болып қалыптасады деген гипотеза айтамыз. Бірінші, ұлттық құндылық тұлғаның өскен ортасы, отбасы болса, екіншісі білім беруде қалыптасатын ұлттық құндылықтар. Осы кезең ең маңызды болып саналады, өйткені дұрыс бағдар беріп, оның оң, қателігін өзі қатарлас ортадан көргенде өнімді де, нәтижелі дағды пайда болады. Үшінші кезең әр уақытта саналы түрде жаңғыртып, толықтырып отыру (Кешенкеев, т.б., 2019).

Болашақ бастауыш білім педагогтері тәжірибелі, теорияны практикада қолдана алатын маман ғана емес, аратор әрі фасилитатор болуы маңызды. Орта білім бері, жоғары сыныптарда оқушылар ой таразысына салып, оң мен солды, жақсы мен жаманды айыра алатын кезеңге аяқ басады. Ал бастауыш білім беруде педагогтің айтқаны ең дұрыс деген түсінік болатыны белгілі. Осы кезеңде ораторлықпен әр предметті, әр бөлікті айтып түсіндіреміз, ал, фасилитатор ретінде ұлттық құндылықтарды, ерекшеліктерді, мәдени мұраларымызды, туған жер, тіл, діл, және құқықтар мен әлеуметтік ортадағы орны мен қоғамның негізгі құндылығы – адам екенін түсіндіру, ұғындыру мәселесін қарайды. «Біздің тақырыбымыздың негізгі де, өзекті тұсы осыда. Ұлттық құндылықтарды оқыту болашақ білім педагогтеріне қоғамдағы әртүрлі көзқарастарды құрметтеуге тәрбиелеу және әлеуметтік келісімді дамыту арқылы өздерінің мәдени мұраларын түсінуге көмектеседі» (Мейірбек, т.б., 2020).

Ғылым дамып, технологияның озық үлгілері пайды болып, оқу мен оқыту процесстері күн сайын өзгеріске ұшырап жатыр. Жасанды интеллект, виртуальды дос, сөйлесетін көмекші құрылғылар адам өміріне дендеп кірді. Осы кезде адам мен адам, адам мен тарихымыз, салт дәстүрлеріміз тек теория жүзінде қатынасқа түсіп, виртуальды қатынас деген терминді естіп жүрміз. Осы ара қатынастардың әсерінен ғылымда синергия, деонтология, иппотерапия т.б. жаңа бағыттар пайда болды. Бұл әрине ең алдымен педагогтерге, соның ішінде бастауыш сынып педагогтерінің негізгі көмекші құралы бола алады. Ұлттық құндылықтарды маман ретінде үйреніп, оны дағды қалыптастыру оңай процесс

емес. Мәселен педагогикада соңғы кездері жиі талданып жүрген деонтология ғылымы ғылым туралы педагог маман Д. Бөрібаева: «Деонтология дегеніміз бұл адам баласының ізгілікке, парыздылыққа қатысты өмір салты, қылықтары, әрекеттері мен әдеттері туралы ғылым. Парыз адамзатқа ғана болған тән азаматтық міндет, жауапкершілік. Енді педагогикалық деонтология – бұл педагогтың мұғалімнің қызметіне байланысты парыздылыққа негізделген этикалық ережелер, нормалар, ұстанымдар жиынтығы жатады. Мұнда оқушы мен педагогтың арасындағы сенімділікті қатынастың кепілі бола алатын кәсіптік этиканың қағидалары қарастырылып, педагогтың құзыреттілігі, басқа адамдарға, олардың қылықтарына шыдамды болуы, тәлім-тәрбиелік іс әрекет барысында алынған шешімдерге моральдық жауапкершілігі көрсетіледі», - (<https://www.researchgate.net/profile/Zumrud-Guliyeva-3/publication/38195663>) деп зерттеу жұмысында көрсетеді. Жалпы ұлттық құндылықтардың жиынтығы сол деонтология терминінің мағынасымен егіз, синоним ретінде қарауға да болады. Себебі, білім алудың ең бірінші ережесі тәрбие болса, деонтологияның түп қазығы сол ізгілік, дұрыс тәрбие, саналы ұрпақ. Ұлттық құндылығымыздың негізгі өзегі сол тәлімді тәрбие мен қазақы болмыс. Болмыс деген не? Болмыс жалпы ұлтқа тән мінез бен әрекеттердің жиынтығы. Сонда болашақ білім педагогтерінің ұлттық құндылық дағдысының қалыптасуының формуласы ұлттық құндылық=>деонтология=>тәрбие=>жүйелі білім болашақ білім педагогтерінің дағдысын қалыптастырудың негізгі формуласы.

Деонтология саласы жаңа бағыттағы, жаңа термин, жаңа сала. Дегенмен өзге елдердің практикасында қолданған зерттеулерге сүйене отырып, қазақ деген ұлттың ұлттық болмысын қалыптастыру үшін зерттеуші ғалым Қ. М. Кертаева еңбегінде ұстазға қойылатын деонтологиялық талаптарды негізінен төрт ұстаным аясына сыйдырады:

- 1) оқушының ден саулығына, жан саулығына зиян келтірмей әсер ету;
- 2) мұғалім барлық жүріс-тұрысымен, ой-өріс, іс-әрекеттерімен осы ұстанымның кең тарауына және оқушы санасына өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыруына жол ашу;
- 3) осы ұстанымды бұзуынан келген зиянды салдарын мұғалім бүкіл жан дүниесімен, сана-сезімімен жоюға ынталану;
- 4) жоғарыдағы ұстанымдарға сүйеніп оқушының табиғатына үйлесімді жан-жақты дамуына жәрдемдесу (Кертаева, 2002: 147).

Болашақ бастауыш сынып педагогтері ұлттық құндылықтарды өз бойларына дағды ретінде толық қалыптасып үлгермей алдында отқан болашақ тұлға, өз пікірі бар кішкентай дос ретінде білім алушыны қабылдамай, өзгелерге үйрете алмайды. Себебі борш, парыз деген ұғымдар адам санасында қалыптасу керек. Оның қайнар көзі ұлттық құндылықтарда, тәрбие мен білімде екенін білеміз. Болашақ бастауыш білім педагогтары, жалпы жас маман педагогтар алдында отқан білім алушы қазір бала болғанмен уақыт өте келе өз дәрежесімен тең тұлға өсіп шығарын ұмытпау керек, сол жолда кәсіби парызын адал атқару керек. Сонда деонтология ғылымының қалыптасу мақсаты орындалғаны.

Құндылық тек ұлттық болмайды, отбасылық құндылық, рухани құндылықтар деген түрлері бар. Оның нақты саны белгісіз және құндылық болу үшін мынадай талабы бар деп шектеу қойылған межесі жоқ.

Бастауыш білім беру мен тәрбиелеу ісі оқытудың барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және оқушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған (Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, 2022.). Болашақ бастауыш білім педагогтерінің ұлттық құндылықтар дағдысын өз бойында қалыптастырып, оны практикада қолдану үшін отандық және әлемдік тәжірибелерден өткен көптеген зерттеу тәсілдерін ұсынамыз. Мәселен жоғарыда айтқан адамды ізгілікке, білімге, күнделікті дағдыларды орындауға арналған деонтология ғылымының ұлттық құндылықтарды дағды етудің негізгі ұстамындарын айттық, ендігі бір жаңа әдіс ұлттық құндылықтарды трансверсальды оқыту мәселесі. Зерттеуші ғалымдар Г.Х. Сарсенбаева, А.Е. Жумабаева «Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамытудың мүмкіндіктері» деген мақаласында отандық, шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдай келе трансверсальды дағды қалыптастыру қазақ тарихында да бұрын соңды айтылып жүрген бірақ терминде өзгеріс болғанмен жалпы идея қазақ танымына бөтен емес екенін жазады. А.Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Шәкерім Құдайбердіұлы, Мағжан, Міржақып жазуларымен халыққа етене таныс бола бастаған. «Ол туралы алғашқы ойлар ертедегі соңғы уақытта «трансверсальді дағдылар» терминімен көбірек қолданыла бастады. Әсіресе, бұл термин Еуропадағы білім беру жүйелерінде жиі қолданылады. Өмірлік маңызды дағдылар немесе ХХІ ғасыр дағдылары деп аталатын трансверсальді дағдылар –бұл жастардың жеке, академиялық, әлеуметтік және экономикалық қиындықтарды жеңуге дайын, икемді, бейімделгіш оқушы және азамат болуына мүмкіндік беретін тұлғааралық қатынастар немесе әлеуметтік–эмоционалдық дағдылар» (Сарсенбаева, т.б., 2023: 269).

Ұлттық құндылықтардың негізгі бастау көзі – ана тілі. Тіл адамның адамдық белгісінің зоры» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, тіл арқылы біздің ұлттық мінезіміз қалыптасады. Ғалымдардың зерттеуінше баланың қай тілде сөйлейді оның акустикалық базасы қалыптасады, беттің формасы қалыптасады, миында сол тілдің ұлттық ерекшеліктері орнығады. Ми автоматты түрде сол тілде сөйлейтін халықтың ұлттық құндылықтарын бойына сіңіреді. Әрине елімізде тілдік мәселелер оң шешімін тауып салыстырмалы түрде соңғы он жылдықта тілдің мәртесі көтеріп, тілдің қолданушылары көбейіп келеді. Бірақ техниканың қарқынды дамуы, өзге елдің мәдениет бейбербалды түрде санамызға сіңіріп жатыр. Мәселен, соңғы кездегі жаңа заман прецедентті батырлардың бастауыш сынып білім алушыларының санасында мектеп жасына дейін қалыптасып, әрекеттерін қайталап, бейсаналы түрде соны қайталап жүреді. Оны бастауыш сыныпта трансверсальды әдіс көмегімен өзгерте аламыз. Ол үшін әрине

бастауыш сынып педагогтерінің араторлық, фасилитаторлық қабілеттері іске қосылу керек деп ойлаймыз. Бастауыш білім педагогтері өзге педагогтеріне қарағанда көп қырлы, тез коммуникацияға түсетін болу керек, яғни, артылған жүгі ауырлау болады. Ұлттық құндылықтар дағды болып қалыптасуы сондықтан өте маңызды.

«Әдетте нақты жұмысқа, тапсырмаға, оқу пәніне немесе тәжірибе саласына қатысты емес және әр түрлі жағдайлар мен жұмыс параметрлерінде (мысалы, ұйымдастырушылық дағдылар) қолдануға болатын дағдылар». Бұл дағдыларды «жұмсақ» немесе «ауыспалы» деп те атауға болады, өйткені олар белгілі бір секторға немесе жұмыс рөліне тән емес. ЮНЕСКО трансверсальді дағдылардың алты санатын анықтайды:

1. Сыни және жаңашыл ойлау.
2. Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары.
3. Тұлғаішілік дағдылар.
4. Жаһандық азаматтық.
5. Ақпараттық сауаттылық.
6. Басқалар.

Мұндағы басқалар проблеманы шешуді, тайм-менеджментті, командалық жұмысты, үздіксіз дамуды, көшбасшылықты және т.с.с. қамтиды» (Сәрсенбаева, т.б., 2023: 270).

Әу баста трансверсальды дағды жеке адамның карьералық дамуы, табысының өсуін жақсартуға арналған дағды ретінде қалыптасып, оң нәтиже көрсеткен соң ғылымның өзге салаларында кеңінен қолданыс тапты. Халықаралық дәрежеде қолданысқа енді, оның негізгі тиімді санаттарын тізіп болашақ бастауыш педагогтер үшін де тиімді тұстарын өзімізге мысал ретінде алып отырмыз. Жаңаша ойлау, қарым-қатынас дағдылары, тұлғаның әр кез өзін өзі дамытып отыруы, сауатты болуы, дұрыс ақпаратты алып, нақты жеткізуі деген тұстары қазіргі заманғы педагогтердің негізгі табысты қызметінің кілті. Олай болу себебі, трансверсальды дағды тек коммуникация емес, сауалнамалар, коучингтер ұйымдастыру т.б. жұмыстар.

Зерттеудің мақсаты

Зерттеу жұмысымыз ерте кезеңнен бері көп талданап келе жатқан тақырып. Бірақ күнделікті қоғам дамуы, ғылым мен білімнің де тоқтаусыз ізденісін талап етеді. Ғылым мен техника қатар дамып, қарқынды өзгерістерге ұшырап жатыр, 4-5 жыл алдыңғы өзекті, нәтижелі деген әдіс-тәсілдер ескіріп жаңа түрлерімен толығып жатыр. Сондықтан әр кез ізденісте болып, жаңа тәсілдерді игеріп отыру маңызды. Зерттеу болашақ білім педагогтерінен сауалнама алып, диаграмма түрінде статистикасын шығаруды өзімізге мақсат еттік. Әрине жүргізілген сауалнаманың көлеміне байланысты көлеміне байланысты, статистика қорытындысы тек сауалнама жүргізген алдам санына қарай шығарылды.

Статистика біздің мынандай мақсаттарға жетуге көмектесетін тәрбие құралы болады.

- жеке тұлғаның толыққанды кемел адам болып қалыптасуға;
- азаматтық, құқықтық көзқарасын білдіре алатын еркін ұрпақ ретінде тәрбиеленуіне;
- салт-дәстүрді құрметтейтін, білетін, сонымен қатар жаңа технологиялары үйлестіре алатын;
- жаңашылдық, жаһандағы болып жатқан пайдалы ақпараттарды өз игілігіне жарата алатын;
- ана тілін терең меңгеріп, өзге тілдерді, өзге халықтардың салт-дәстүрін құрметтейтін (инклюзивтілік) білім алушыларды даярлау барысында бастауыш білім педагогтерінің мақсаты осы функтерден құралуы тиіс. Осы мақсаттарға жету барысында, оң нәтиже алу барысында өз еліміздің ғалымдары мен шетел зерттеушілерінің озық тәжірибелерін назарға ала отырып, тиімді әдістерді ұсынуға талпынамыз. Зерттеушілер Г. Бағдатова мен Е.Жұмабаевтың пікірінше: педагогтер оқушылардың өміріндегі ықпалды үлгі болып табылады. Болашақ педагогтерді ұлттық құндылықтарды тарату құралдарымен жарақтандыру оларға жастардың санасын тиімді қалыптастыруға және оқудың оң ортасын құруға мүмкіндік береді. (Бағдатова, т.б., 2021: 21) осы пікірді бізде қолдай отырып, ата-аналармен жұмыс деген әдісті осы жерде қолдануды ұсынамыз. Ол педагогтер тек бала үшін өмірге ықпалы мол адам емес, ата-ана – педагог – оқушы бірлікте жұмыс жасағанда өнімді де, тиімді болмақ. Ұлттық құндылықтарды оқыту көбінесе отбасылармен және қоғамдастықтармен ынтымақтастықты қамтиды. Бұл ортақ құндылықтарды ынталандыру және жағымды мінез-құлықты нығайту арқылы үй мен мектеп арасындағы алшақтықты жояды (Ли, т.б. 2021:80).

Жаһандық білім беру парадигмасы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу және өтпелі дағдыларды дамыту жағына қарай жылжып келе жатқандықтан, Қазақстан болашақ бастауыш сынып педагогтерін даярлауда инновациялық жолды белгіледі. Қазақстандық авторлардың даналығынан шабыттанған бұл траектория білім мен мәдени мұра арасындағы өзара байланысты терең түсінуді көрсетеді (Хар, т.б., 2022:35).

Зерттеу нысаны: болашақ бастауыш сынып педагогтерін оқушыларға ұлттық құндылықтарды дайындауда қолданылатын процесс.

Зерттеу пәні: педагогтерді даярлау бағдарламалары бойынша оқитын болашақ бастауыш сынып педагогтері.

Әдістеме: Әртүрлі оқу орындарында педагогтерді даярлау бағдарламалары бойынша оқитын бастауыш сынып педагогтеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнама бастауыш білім беру мекемелерінде ұлттық құндылықтарды дамытудың әртүрлі аспектілерін қамтитын құрылымдық сұрақтардан тұрды. Жауаптар басым пікірлер мен тенденцияларды анықтау мақсатында жиналды және талданды.

Зерттеу нәтижелері.


Зерттеу жұмысымыздың респонденті ретінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 1 курс магистранттары алынды. Қатысушы 9 адам. Қалыс қалған адам жоқ.

